

Лиро-эпостық жырлар



ОРЫНҒАЛИ ДИДАР

Жалпы түсінік

- **Лиро-эпостық жырлар** ғашықтық жырлар - лирикалық әрі эпикалық шығарма. Оқиға желісі бірін-бірі құлай сүйген екі жас арасындағы махаббатқа құрылады. Көпшілігінің оқиғасы сүйгеніне қосылуды аңсаған, жастарға ескі салт-сана қарсы тұрып, мерт қылумен аяқталады.



- Лиро-эпостық жырларларда халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, көңіл-күйі көбірек суреттеледі. Оларда реалистік және романтикалық көріністер сабақтаса келіп, реалистік әдіс басым жатады.



Негізгі кейіпкерлер

- Лиро- эпостық жырларда кейіпкерлер батырлар емес, карапайым адамдар. Екі жастың бір -біріне деген сүйіспешілігін жырлайтын эпостарда, негізінен, махаббат отына жанған қыз бен жігіттің қосыла алмай, трагедияға ұшыраған тағдыры баяндалады. Әдетте, олардың бақытына кедергі болатын нәрсе -ата-аналардың қарсылығы немесе қызға ғашық басқа жігіттің жауыздығы , иә болмаса екі рудың араздығы болып көрсетіледі.



Ғашықтық жырлар көркем фольклордың даму барысында батырлық эпостан кештеу қалыптасқан, бірақ бұл қаһармандық жыр мүлде өшіп, оның орнына романдық эпос келді деген сөз емес, Эпостың бұл екі түрі көп уақыт бірге, бір-бірімен байланыса, қатарласа дамыған. Ұқсастықтары да аз емес. Олардың жалпы поэтикалық сипаты ұқсас. Айталық, сюжеттік құрылымдардың бір типті болып келуі, образдар жүйесіндегі біркелкілік, өлең құрылысы мен бейнелеуіш құралдардың біртектілігі секілді белгілер эпостың екі түрінде де кездеседі. Ғашықтық жырлар көп вариантты болып келеді Оның себебі көп замандар бұл жырлар ауыздан- ауызға тарап, біреуден біреу жаттап алу арқылы кейінгі ұрпаққа жетіп баспаға іліккен.



Ли́ро-э́постық жы́рлар екі түрге бөліп қарастыруға болады



Қазақ халқының төл туындылары

- "Қозы Көрпеш - Баян Сұлу", "Қыз Жібек", "Айман-Шолпан"; "Күлше қыз", "Күл мен қыз", "Макпал қыз", "Есім - Зылиха"

Шығыс әдебиеті негізінде назира гөйлік дәстүрде жазылған қиссалар

- "Мұңлық - Зарлық", "Сейфілмәлік", "Бозжігіт", "Таһир - Зуһра", "Жүсіп - Зылиха", "Шәкір - Шәкірат", т.б.

Қазақ халқына тән туындылар



Шығыс классикалары




● **Лиро-эпостық** жырларында **тұрмыс-салт** жырларының **айтыс**, **жоктау**, **жар-жар**, **жұбату**, **жұмбақ айтыс**, **коштасу**, **сыңсу** сияқты түрлері өте жиі кездеседі. **Казан төңкерісіне** дейін Лиро-эпостық жырларын жинап, жариялауда орыс ориенталистері **В. В. Радлов**, **И. Н. Березин**, **Г. Потанин**, т.б. көп еңбек сіңірді. Лиро-эпостық жырларды **С. Сейфуллин**, **М. Әуезов**, **С. Муканов**, **К. Жұмалиев**, **Ы. Дүйсенбаев**, **Ә. Коныратбаев**, **М. С. Сильченко**, **Н. С. Смирнова**, **М. Ғабдуллин**, т.б. ғылыми тұрғыда зерттеп, еңбектер жазған.



Қазақ әдебиетінің әлем әдебиетінің жауһарларымен байланысы



- Ромео мен Джульетта



Дереккөздер



- Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. [ISBN 9965-26-096-6](#)
- "Бабалар сөзі" Әдебиет және өнер институты, 2009 "Фолиант" баспасы, көркемдеу, 2009